

**Нұра аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы 26 сессиясының № 242 "Нұра ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2016 жылғы 9 қыркүйектегі VI сессиясының № 52 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте № 3966 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 82 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 29.03.2024 № 82 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы 26 сессиясының № 242 "Нұра ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2614 болып тіркелген, 2014 жылғы 1 мамырдағы № 18 (5355) "Нұра" газетінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 05 мамырда жарияланған), келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Нұра ауданының Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

12 тармақтың үшінші және бесінші абзацтары жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"ауыр материалдық жағдайға байланысты – 13 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін, бір рет;"

"медициналық мекемеден эпикриз қорытындысының көшірмесі негізінде шұғыл емделуге (ота) - 15 айлық көрсеткіш мөлшеріне дейін, бір рет;"

26-2 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"26-2. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің

2016 жылғы 17 мамырдағы №385 "Өрлеу" жобасына қатысуға арналған құжаттар нысанын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген нысандарға сәйкес жасалады ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №13773 болып тіркелген). ";

6 тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Э. Таттыбаев*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Т. Оспанов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*"Нұра ауданының жұмыспен*

*қамту және әлеуметтік бағдарламалар*

*бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*Г. Жүпенова*

"09" 09 2016 жыл